Қазалы ауданы, Қазалы қаласының автомобиль жолдарын, көшелерді қысқы күтіп ұстау жұмыстарына
түсіндірме жазба

Жобаны іске асыру орны экологиялық аймаққа жататын Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қазалы қаласы болып табылады.

Жобадағы автомобиль жолдарын, көшелерді қысқы күтіп ұстау жұмыстары Қазалы қаласында жүргізіледі.

Қысқы маусымның суық мезгілдеріне байланысты автомобильдерге және жаяу (тротуар) жолына қауіпті апаттық жағдайларды болдырмау үшін жолдарға құм және тұз қоспасын себеді. Техника бара алмайтын жерлерге жұмысшылар көмегімен тазалық жұмыстарын жүргізеді. Жауған қар мен мұздықтарды белгіленген жерлерге жинап, шығаруы тиіс.

Осыған байланысты автомобиль жолдарын, көшелерді қысқы күтіп ұстау жұмыстары жоба сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізіп, орындату қажет.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28 тармақшасына сәйкес – аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға құқылы делінген.

Осы ретте, Қазалы қаласындағы автомобиль жолдарын, көшелерді қысқы күтіп ұстау жұмыстарын «СПК "Қазалы келбеті"» (бұдан әрі – Орындаушы) ұсынылғалы отыр.

Орындаушы – шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарына ие.

Қазалы ауданы аумағында автомобиль жолдарын, көшелерді қысқы күтіп ұстау жұмыстарына тәжірибесі бар.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының (Бұдан әрі – Бұйрық) 508-бөлігінің талаптарына сәйкес бәсекелестік сақтала отырып, елді мекен аумағындағы 3 (үш) әлеуетті өнім берушіге ұсыным беріп, неғұрлым төмен баға ұсынған өнім берушімен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылады.

Бұйрықтың 506-бөлігі - мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

Қазалы қаласының әкімі **Қ.Орынбасаров**